

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 877 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 13 қарашадағы N 1081 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 13 қарашадағы N 1081 Қаулысымен.

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 0

т а м ы з д а ғ ы

N

8 7 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары - 50%-дан кем емес.

2. Агенттік бағалы қағаздары 25%-дан асырмай.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі салымдар (депозиттер) 30%-дан кем емес.

4. Орналастыру күніне бағалы қағаздары сауда ұйымдастырушылардың ресми тізіміне "А" санаты бойынша енгізілген екінші деңгейдегі банктердегі немесе резидент емес банкінің "А" санатынан ("Standard&Poor's және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктемесі бойынша) немесе "A2" санатынан ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттіктерінің жіктемесі бойынша) төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жеке рейтингі бар еншілес резидент-банктегі салымдар (депозиттер) - 10%-дан кем емес.

5. Мемлекеттік бағалы қағаздармен кері РЕПО операциялары 50%-дан кем емес.

6. Агенттік бағалы қағаздарымен кері РЕПО операциялары 25%-дан кем емес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК